РУХАНИЯТ

Қазанатты дәріптеген азамат:

Өскеменде Сәдібек Түгелдің шығармашылық кеші өтті

Серік ҚҰСАНБАЕВ

Өскемендегі Пушкин атындағы Шығыс Қазақстан облыстық кітапханасында көрнекті жазушы, публицист, қоғам қайраткері, жерлесіміз Сәдібек Түгелдің «Өсе бер, өрлей бер, өр Алтайым!» атты шығармашылық кеші өтті.

Сәдібек Түгел – қаламын қайраткерлікпен ұштастыра білген тұлға. Сатира, публицистика, тарихи эссе, деректі проза жанрларында қалам тербеген қаламгердің 40-тан астам кітабы жарық көрген.

Ол – халқымыздың қазыналы қазанатын зерттеп, ел руханиятына сүбелі үлес қосып жүрген санаулы тұлғалардың бірі. Осыған дейін жарық көрген «Қайдасың, қазағымның қазанаты?!» деректі повесі мен «Асыл жиреннің киесі» әңгімелер жинағы оқырмандардың ыстық ықыласына ие болған.

Шығыс Қазақстан облысы әкімінің орынбасары Ербол Нұрғалиев іс-шараға қатысып, кеш иесін облыс әкімі Нұрымбет Сақтағановтың атынан арнайы құттықтап, иығына шапан жапты.

– Сәдібек ағамыздың ел үшін атқарып жүрген ұшан-теңіз еңбегі, баспадан шығып жатқан кітаптары, қазақтың қазанатын, оның қадір-қасиетін әлем жұртшылығына таныта білуі кез келген мемлекеттік марапатқа лайық. Қадірлі Сәдібек аға! Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын. Деніңіз сау, отбасыңыз аман болып, шығармашылық зор табыстарға жете беріңіз. Шығыс елі, әсіресе жас ұрпақ, үнемі өзіңізбен мақтанып жүреді, –деді Ербол Жолдаспекұлы.

Сондай-ақ кешке еліміздің бұрынғы спорт министрі, спорт ардагері Анатөлі Құлназаров, жазушы-публицист Әлібек Қаңтарбаев, самбодан халықаралық дәрежедегі төреші Жанәділ Атаев, қоғам қайраткері Түсіпхан Түсіпбеков бастаған ел азаматтары, қаладағы зиялы қауым өкілдері, жазушының туыс-туғандары, замандастары мен әріптес қаламгерлер қатысып, кеш иесін 70 жасқа толуымен құттықтап, қызғылықты естеліктерімен бөлісіп, мерейтой иесіне сый-сияпат жасады.

Осы кеште жазушы-публицист Сәдібек Түгелдің таяуда ғана баспадан шыққан «Мыңбасы», «Сұңқардың самғауы» және «Джеки» кітаптарының тұсаукесер рәсімі болды. Бұл кітаптар – ұлт болмысын, дала мінезін, ел тағдырын көркем тілмен кестелеген рухани қазына.

Кеш барысында қатысушылар қаламгермен сұхбаттасып, шығармашылық иірімдеріне үңілуге, жаңа кітаптардың мазмұнымен терең танысуға мүмкіндік алды.

Рухани кездесудің соңы әсем ән мен тәтті күйге ұласты.

СПОРТ

Шығыстың арғымақтары жүлдемен оралды

Ат бәйгесі – қазақ халқының ежелден келе жатқан ұлттық спорт түрі. Бұл – ата-бабаларымыздың өмір салтымен, жауынгерлік өнерімен тығыз байланысты ерекше мәдени мұра. Аталған жарыс – тек жүйрікті анықтайтын дода ғана емес, ұлт рухын көтеретін, елдік пен ерлікті дәріптейтін маңызды іс-шара.

Жуырда Абай облысының Көкпекті ауданында «Көркейген өлке – Көкпекті» атты республикалық спорт және мәдениет фестивалі өтті. Шара аясында 80 шақырымдық аламан бәйге, тай жарысы, топ бәйге, көкпар сынды ұлттық ат спорты түрлерінен жарыстар ұйымдастырылды.

Аудан әкімінің жүлдесіне арналған 80 шақырымдық аламан бәйгеге республика өңірлерінен келген шабандоздар мен бапкерлер қатысты. Жүйрігін жарысқа қосқан алтынбелдік Айдар Амангелді былай деп өз ойымен бөлісті:

– Бұл үлкен әрі қиын жарыс болды. Ақтық мәреге үшінші болып жеттім. Тұлпарымның жағдайын үнемі бақылап отырдым. Соның төзімділігінің арқасында жүлделі орынға ие болдым.

Нәтижесінде көрші Самар ауданының тұлпары бірінші келіп, жарыстың бас жүлдесі – «Темір тұлпар» ат иесіне бұйырды. Екінші орынды иеленген Маңғыстау шабандозы 2 миллион теңгемен марапатталды. Ал Айдар Амангелдінің өзі баптап бәйгеге қосқан «Торғай» атты тұлпары үшінші орынға ие болды. Осы жетістігінің арқасында Айдар 1 миллион теңге жүлдені қанжығасына байлады.

Аудан намысын абыроймен қорғаған Айдарға зор алғысымызды білдіре отырып, алдағы аламан бәйгелерде сәттілік тілейміз!

Тұрсынқан Базарбаев
Үлкен Нарын ауданы

Жұлдыз-жорамал (21 – 27 шілде)

ТОҚТЫ *Бұл аптада сіздің белсенділігіңіз бен қайраттылығыңыз артпақ. Көптен бері ойға алған бастамаларыңызды жүзеге асыруға сәтті уақыт. Жұмыста көшбасшы рөліне ие боласыз, бірақ эмоцияны тежеген дұрыс.*

ТОРПАҚ *Қаржылық тұрақтылық пен материалдық жағдайыңызды жақсартуға мүмкіндіктер ашылады. Жаңа табыс көзі пайда болуы мүмкін, бірақ жоспарсыз әрекеттен аулақ болыңыз. Жақындарыңызбен қарым-қатынас жылынып, қолдау сезінесіз. Өз денсаулығыңызға және тамақтану тәртібіне назар аударыңыз.*

ЕГІЗДЕР *Көп сөйлесу мен белсенді коммуникация уақыты – келіссөздер мен жаңа таныстықтар жемісін береді. Дос-жаранмен немесе әріптеспен бірлескен жобалар сәтті болмақ. Көп ақпарат алуға тырыспай, ең маңыздысын бөліп алыңыз.*

ШАЯН *Эмоционалдық тұрғыдан сезімтал апта болмақ. Шығармашылық қабілеттеріңіз ояныпп, шабытты сәттер көп болады. Отбасымен болған уақыт ерекше құнды болмақ. Бұрынғы реніштерді артта қалдырып, болашаққа бет бұрыңыз.*

АРЫСТАН *Сіз үшін бұл апта – жаңа бастамалар мен жарқын жетістіктер кезеңі. Өзіңізге деген сенімділік артып, айналаңыздағылар сізді қолдайды. Жұмыста да, жеке өмірде де алға жылжу байқалады.*

БИКЕШ *Сіздің ұқыптылығыңыз бен еңбекқорлығыңыз назарға ілінеді. Қызмет бабында жаңа ұсыныстар немесе жобалар күтуі мүмкін. Қарым-қатынаста ашықтық пен шынайылық қажет болады. Ұзақ уақыттан бері алаңдатқан мәселе шешіледі.*

ТАРАЗЫ *Жұлдыздар сізді жаңа таныстықтар мен қызықты кездесулерге жетелейді. Көптен бері шешімін таппаған мәселелер жеңіл түрде шешілуі мүмкін. Жұмыс пен жеке өмір арасында тепе-теңдік сақтаған жөн.*

САРЫШАЯН *Апта тыныш басталып, біртіндеп қарқын алады. Қаржылық жағынан күтпеген шығындар болуы мүмкін, сондықтан жоспар құру маңызды. Қарым-қатынаста түсіністік пен сенім орнатуға тырысыңыз. Энергияңызды пайдалы іске бағыттасаңыз – табысқа жетесіз.*

МЕРГЕН *Сапарларға немесе білім алуға қатысты мүмкіндіктер артады. Өзіңізді дамытуға құлшыныс туындайды. Жаңа идеялар мен бастамалар оң нәтиже береді. Тек бір істі бастап, екіншісіне секірмеңіз – бәрін ретпен орындаңыз. Рухани тыныңуға да уақыт табыңыз.*

ТАУЕШКІ *Сізге бұл аптада жауапкершілік пен табандылық қажет. Жұмыста маңызды тапсырма берілуі мүмкін – сенімділікпен орындасаңыз, абырой жинайсыз. Жақын адамдармен түсініспеушілік туындауы мүмкін, бірақ ашық әңгіме бәрін шешеді.*

СУҚҰЙҒЫШ *Жаңа идеялар мен шабыт күтпеген жерден пайда болады. Оларды жүзеге асыру үшін нақты жоспар жасаңыз. Достарыңызбен кездесіп, рухани серпіліс аласыз. Апта ортасында күтпеген сыйлық не жағымды жаңалық болуы мүмкін. Өзгелердің пікіріне емес, өз ішкі дауысыңызға құлақ түріңіз.*

БАЛЫҚ *Бұл аптада ішкі тыныштық пен үйлесімділік басты рөл атқарады. Қарым-қатынаста шынайы болыңыз – ол өз жемісін береді. Қаржы жағынан тұрақтылық байқалады, дегенмен артық шығыннан аулақ болыңыз.*

БАҚ-тың меншік иесі:
«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС

«DIDAR» газеті Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеліп, 2025 жылғы 26 наурыздағы №KZ11VPY00115455 куәлігі берілген.
«DIDAR» газеті – ҚР Президенті грантының және Қазақстан журналистика академиясы «Алтын жұлдыз» сыйлығының иегері.
Мекенжай: 070003, Өскемен қаласы, Гоголь көшесі, 36.

«ALTAI-NEWS» медиа-орталығы» ЖШС
Бас директоры
А.К.ДҮЙСЕНОВ

Бас редактор
Инабат ҚАЙСА

Контент редактор
Айжанат БАҚЫТҚЫЗЫ

Қабылдау бөлмесі:
тел: 8(7232)75-17-97
Жарнама бөлімі:
8-777-239-76-82,
8(7232) 75-28-22,
e-mail: marketing@altaynews.kz

«DIDAR» газетінің сайты:
www.didar-gazeti.kz
+7 777 239 7682

Жарияланған материалдардағы пікір редакциянікімен сәйкес келмеуі мүмкін.
Редакция тапсырысымен жазылмаған материалдар үшін қаламақы төленбейді.
(Ռ) белгісі қойылған материалдар коммерциялық негізде жарияланады.
Материалдарды редакцияның келісімінсіз көшіріп басуға тыйым салынады.

Газет «Рекламный Дайджест» ЖШС-нің баспаханасында басылды.
Өскемен қаласы, Абай даңғылы, 20/1.

Көлемі 4 баспа табақ.
Газет аптасына бір рет шығады.
Таралымы 3700
Тапсырыс №29

Altainews MEDIA CENTRE

2 000125 790822 >